



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№ _____
18.10.2023 № 6 _____ ге

**Тұрақты комиссияның
2023 жылғы
18 қазандағы қаулысы**

**Қаланың колледждері мен жоғары
оқу орындарында білім алушылардың
жатақханаларда орындармен
қамтамасыз етілу жағдайы туралы**

Мемлекеттік органдардың «Қаланың колледждері мен жоғары оқу орындарында білім алушылардың жатақханаларда орындармен қамтамасыз етілу жағдайы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы мыналарды атап өтеді.

Бүгінгі таңда елордада 13 жоғары оқу орнында (бұдан әрі - ЖОО) жатақханалар саны 54 бірлікті құрайды, төсек-орын саны - 14 134, оның ішінде 4 703 төсек-орын жалға алынды. Қаланың 17 колледжінде (мемлекеттік - 5, жеке меншік - 12) 2637 орындық 19 жатақхана бар.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Қаржы орталығы атынан өз қаражаты есебінен студенттік жатақханаларды салуға жеке инвесторларды тартады, кейіннен мемлекет инвесторларға белгілі бір мерзім ішінде шығындарды өтейді.

Студенттерді ЖОО жатақханаларындағы орындар туралы хабардар ететін, форс-мажорлық жағдайларда тұрғын үймен қамтамасыз ететін Ахуалдық орталықтар және Дағдарыс орталықтары ашылды. Студенттердің мәселелерін жедел шешу үшін ЖОО өкілдерінен омбудсмендер институты құрылды.

Ағымдағы жылы жоғары оқу орындарының жатақханаларында тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар және бала кезінен мүгедектігі бар адамдар үшін 29 айлық есептік көрсеткіштен (100 050 теңге) аспайтын мөлшерде өтемақы төлемі қаралды.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының депутаттары (бұдан әрі – Мәслихат депутаттары) «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ (бұдан әрі - Басқарма) тарапынан колледж студенттерін жатақханаларда орындармен қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар толығымен қабылданбайтынын атап өтті.

Бүгінгі таңда колледж студенттерінің 80% - дан астамы, оның ішінде 9 сынып базасында түскендер, пәтер жалдап немесе хостелдерде тұрады. Олардың тұру қауіпсіздігіне және жастары небәрі 14-15-тегі балалардың психологиялық жағдайына қатысты сұрақтар туындайды. Студенттер тұратын кейбір жатақханалар күрделі жөндеуді қажет етеді. Жоғары оқу орындары студенттерінің тұрғылықты жермен қамтамасыз етілу мәселесі бойынша да осындай жағдай. Сонымен қатар, жылжымайтын мүлікті жалға алу айтарлықтай қаржы қаражатын қажет етеді, студенттер қосымша табыс табу мәселесін шешуге мәжбүр, бұл білім сапасына теріс әсер етеді.

Студенттерге арналған жатақханалардың болмауы ондаған жылдар бойы келе жатқан мәселе, бұл ретте бағдарламалардың әкімшісі болып табылатын Басқарма Мәслихатқа жатақханалар салу, коммуналдық меншіктегі бос тұрған ғимараттарды сатып алу және/немесе сатып алуға сұрау салу және т.б. жолдармен мәселені шешу мақсатында бюджеттік өтінімдер, ұсыныстар енгізбеген.

Айта кету керек, Басқарма білім беру саласына қатысты басқа да проблемалық мәселелерді шешу бойынша жеткілікті шаралар қабылдамай келеді, мысалы буллинг, балалар арасындағы қақтығыс жағдайлары, бейнебақылау камераларының болмауы, мектептердің шамадан тыс жүктелуі және т.б. мәселелер бар, Басқарма сұратылған ақпаратты белгіленген мерзімдерде бермейді, нәтижесінде Мәслихат депутаттарының оларды қарауына кедергі келтіреді.

Сондай-ақ, отырыс барысында депутаттар студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орындарымен, колледждермен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігін белсенді енгізу қажеттігін атап өтті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Қаланың колледждері мен жоғары оқу орындарында білім алушылардың жатақханаларда орындармен қамтамасыз етілу жағдайы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ:

Мәслихат депутаттарын, мемлекеттік органдар мен ұйымдарды тарта отырып, әрбір мектеп, колледж, жатақхана бөлінісінде проблемалық мәселелерді шешу жөнінде тұжырымдама әзірлеу;

мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп мәселені пысықтай отырып, жатақханалар салу бойынша мемлекеттік жекешелік әріптестік жобаларын құру мүмкіндігін қарастыру;

«Astana Polytechnic» жоғары колледжінің 1000 орындық жатақханасының белгіленген мерзімде пайдалануға берілуін бақылауды қамтамасыз ету;

колледж студенттеріне арналған жатақханалардың мемлекеттік тапсырыс беру тетігі есебінен іске қосылуына мониторинг жүргізу;

Мәслихат депутаттарының, колледж директорларының, белсенді студенттердің қатысуымен тиісті проблемалық мәселелерді қарау бойынша отырыс ұйымдастыру;

Мәслихаттың жоспарланып отырған отырыстарына сұратылған материалдарды беру бойынша орындаушылық тәртіпке назар аудару және жауапты орындаушыларға ақпаратты ұсынбағаны үшін шаралар қолдану;

а. ж. 31 қазанға дейінгі мерзімде білім беру саласының проблемалық мәселелері бойынша ақпарат беру;

Мәслихатқа проблемалық мәселелерді тұрақты негізде, сондай-ақ Мәслихат депутаттары сұрататын ақпаратты уақтылы енгізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-не «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-мен, «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

қалалық коммуналдық меншіктегі бос, пайдаланылмай тұрған ғимараттарда жатақханаларды орналастыру, сондай-ақ оларды салу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ:

а. ж. 31 қазанға дейінгі мерзімде бұрын Политехникалық колледждің жатақханасы орналасқан жер учаскесінде жоспарланып отырған объектінің құрылысына қатысты ақпаратты, оның ішінде тиісті рұқсат құжаттарын ұсыну және осы жер учаскесінде студенттік жатақханасын салуға тыйым салатын қорытындыны ұсыну ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ:

ЖОО өкілдерінен омбудсмендер институтымен өзара іс-қимылды үйлестіру жұмысын күшейту;

Ахуалдық және Дағдарыс орталықтарына проблемалық мәселелерді шешуде қолдау көрсету;

колледждер мен ЖОО студенттерін жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету және сапалы білім алу үшін кедергіні азайту жөнінде ұсыныстар енгізу.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**



А. Смағұлов